

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі Е. Ыдырысовтың
«Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға
арналған тұжырымдамасын іске асыру» тақырыбында ҚР Парламенті
Мәжілісінде «үкіметтік сағатта» сөйлейтін сөзі
(2015 жылғы 16 ақпан, Астана)**

Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы!

Құрметті депутаттар!

Ең біріншіден, Сіздерге өзімнің сәлемімді жеткізуге және біздің мемлекетіміздің сыртқы саясатындағы басымдықтар мен перспективаларға қатысты Парламент Мәжілісінің «үкіметтік сағатына» сөз сөйлеуге шақырғандарыңыз үшін ілтипат білдіруге рұқсат етіңіздер. Бүгінгі кездесу Елбасы айқындаған сыртқы саясат бағытын іске асыру жөніндегі біздің күш-жігерімізді үйлестіру мәселелері бойынша парламентарийлермен ағымдағы жылы жоспарланған бірқатар кездесулердің алдын алып отыр.

*2014 жылғы сыртқы саясат бағытындағы көптеген оқиғалар мен іс-шаралар **көпбағытты саясаттың** стратегиялық маңызын тағы бір рет растады. Осы нақты белгіленген бағыттың іргелі қаидаттарына бейілділік біздің ел секілді мемлекетті дамыту талаптарына жауап беретін **сыртқы саясаттың бірден-бір үлгісі** болып табылады.*

*Осы қағидаттар Мемлекет басшысының өткен жылдың басында бекіткен **Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының** негізіне қаланды. Олар өзара пайда мен ұлттық мүдделерді табанды қорғау негізінде тек **прагматикалық сыртқы саясат** жүргізу қажеттігімен күшейтілген.*

Өздеріңізге белгілі болғандай, ел ішінде саяси, экономикалық және әлеуметтік қайта құрулар үшін қолайлы сыртқы саяси жағдайлар жасау, халықаралық аренада ұлттық мүдделерді қорғау Сыртқы істер министрлігінің жұмысындағы негізгі басымдықтар болды және бола береді.

*Осыған байланысты, жаңа Тұжырымдама **«Қазақстан-2050» стратегиясын табысты іске асыру және әлемнің ең озық дамыған 30 елінің қатарына кіру** үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасауға бағытталған. Бұрын мемлекеттің мүдделерін қорғауға айрықша артықшылықтар берілсе, ал бүгін ауытпалық орталығы қоғамның қажеттілігін азаматтармен және әрбір қазақстандықпен бірлесе қамтамасыз етуге дәйекті ауыстырылуда.*

Құрметті депутаттар!

Соңғы әлемдік оқиғаларға жасалған талдау халықаралық қарым-қатынастардың геосаяси жағдайлары мен жүйесінің түбегейлі өзгергенін айғақтайды. Өңірлік және халықаралық қауіпсіздік жүйесінің орнықтылығы мен тиімділігін төмендету үрдісі күшейді. Террористік интернационал күштерінің белсенділігімен, Таяу Шығыс, Украина мен Ауғанстандағы ахуалмен, Эбола лихорадкасының таралуымен байланысты халықаралық проблемалар өрши түсті.

2014 жылы әлемнің негізгі өңірлерінде **күштер тегерімінің өзгерісі** орын алды.

Еуразиялық құрлық үшін Ресей мен Батыс арасындағы Украина төңірегіндегі геосаяси қарсы тұрулар осы мәселенің шарықтау шегі болды.

Орталық Азия мемлекеттері екіжақты ынтымақтастықтың басымдықтарын қолдауды жалғастыруда. Ауғанстаннан Халықарлық қауіпсіздікке жәрдемдесу күштерін шығару ОА барлық елдері мен Қазақстан үшін сын-қатер болып қала береді.

Қытай қаржы-экономикалық күші мықтыбірінші державаға айналды. Бейжің өзінің әскери, сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегиясын өмірлік маңызды мүдделерді зор белсенділікпен және батылдықпен қорғау пайдасына қарай қайта қарастыруда.

АҚШ ішкі өңірлік процестерге жан-жақты тартылғанын, посткеңестік кеңістіктің кез келген мемлекетіндегі жағдайға белсенді ықпал ету қабілетін көрсетуде.

Еуропалық одақ Украина дағдарысы және Ресеймен саяси-экономикалық тайталас аясында әскери және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі стратегияны қайта қарастыруда. ЕО басшылығында ротация болды, Еуропалық комиссия мен парламенттің құрамы түбегейлі өзгерді.

Бірқатар еуропалық елдерде сепаратистік үрдістер күшейе түсті, біз олардың шиеленісуін Ұлыбритания, Испания және ЕО басқа өңірлерінде байқадық.

Нақты процестер мен оқиғалар нәтижесінде қалыптасқан **Таяу және Орта Шығыстағы** әскери-саяси жағдай шиеленісті болып калуда.

Бұл, ең біріншіден, Иран ядролық бағдарламасы төңірегіндегі келіссөздерге, Палестина мен Израиль арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісуіне, «Ислам мемлекеті» экстремистік тобының пайда болуына және күшеюіне қатысты болып отыр, бұлар стратегиялық маңызды өңірде және одан тыс жерлерде үлкен сын-қатерге айналуға.

2014 жыл көмірсутегі шикізатының, құбыржол жобаларының әлемдік нарығы үшін айтулы жыл болды. Жыл бойы мұнайдың бағасы 50 пайызға төмендеді. Табиғи газды жеткізудің негізгі бағдарлары өзгеріске ұшырауда.

Әлемдік саудада қайта құрлымдау байқалуда. Сауда қарым-қатынастарының әлемдік картасы өзгеруде. Бұл жерде ЕАЭО-ны құрып, оған перспективада Армения, Қырғызстанды, содан кейін Тәжікстан мен

Әзербайжанды толыққанды мүше ретінде қосуды айтуға болады. Қытай Оңтүстік Кореямен еркін сауда аймағы (ЕСА) туралы келісім жасасты және АТЭК-тің соңғы саммиті шеңберінде Азия-Тынық мұхиты ЕСА-ға ілгерілету жөнінде Бейжің жол картасын қабылдауға қол жеткізді. АҚШ және ЕО Еуроатлантикада ЕСА құру жөніндегі мәселені ілгерілетуде. Вашингтон сондай-ақ АТӨ елдерімен ЕСА туралы Транс-Тынық мұхиты келісімін жасасуға ұмтылуда.

Украина қақтығысы барлық халықаралық-құқықтық жүйенің беріктігіне арналған нағыз сынақ болды. Жыл басынан бері ахуал айтарлықтай нашарлады.

Қазақстанның ұстанымы белгілі. Біз халықаралық құқықтың іргелі қағидаттарына негізделген **Украинада қалыптасқан ахуалдан шығудың сараланған және шынайы тәсілін ұстанамыз**. Біз Украинаның тұрақты, тәуелсіз және аумақтық тұтастығы сақталған мемлекет ретінде қалуына мүдделіміз.

Қазақстан қақтығысқа тартылмаған тарап ретінде дағдарысты реттеу жолдарын іздестіру жөніндегі көпжақты консультацияларға қатысты және қатысуын жалғастыруда.

Біздің елдің белсенді ұстанымының арқасында 2014 жылғы 26 тамызда Минскіде Қазақстан, Ресей және Беларусь Президенттерінің Украина Президентімен және ЕО жоғары өкілдерімен кездесулері өтті. Бұл кездесу **екі маңызды нәтижеге қол жеткізді**.

Біріншіден, ол Украина дағдарысын бейбіт реттеу процесін бастауға, яғни тараптар арасында тікелей диалогты бастауға және Минск келісімдеріне қол қоюға мүмкіндік берді. Бұл келісімдерді барлық тараптар толық көлемде орындауға тиіс екендігі сөзсіз.

Біздің мемлекет басшысы Норманд келіссөздер форматын қайта жандандырды, оның нәтижесінде 11 ақпанда Минскіде Ресей, Украина, Германия және Франция басшыларының кездесулері өтті. 16 сағат болған келіссөздердің нәтижесінде тараптар атысты 15 ақпанда тоқтату және ауыр қару-жарақты әкету туралы уағдаласты. Украинадағы ахуалды ұзақ мерзімді реттеуге байланысты мәселелер кешені талқыланды. Кездесудің қорытындысы бойынша «норманд төрттігі» Президенттерінің Декларациясы қабылданды. Кездесуі қатарлас өткен үшжақты байланыс тобының қатысушылары 13 тармақтан тұратын Минск келісімдерін орындау жөніндегі шаралар кешеніне қол қойды.

Қазақстан Украинадағы дағдарысты реттеудің бейбіт процесін камтамасыз ету жөніндегі барлық тараптардың қабылдаған күш-жігерін жоғары бағалайды және тараптарды қол жеткізілген уағдаластықтарды толық іске асыруға шақырады. ҚР СІМ-нің тиісті мәлімдемесі жарияланған.

Екіншіден, Еуразиялық және Еуропалық одақ мүдделерінің жанасу желісін тапты. Қазақстан Ресеймен, Украина және ЕО-мен өзара тиімді сауда-экономикалық қарым-қатынастарын жалғастыруға, жағымсыз санкциялық салдарды бейтараптандыру жөнінде саяси шешімдер іздестіруге,

екіжақты және көпжақты сауда-экономикалық байланыстарды қалыптастыруға мүдделі.

Біз туындаған мәселелердің шешімі келісу арқылы табылатынына және Украинада бейбітшілік пен қауіпсіздіктің орнайтынына, бұл елдің орнықты даму жолына қайтып оралатынына үміт артамыз.

Құрметті депутаттар!

Өткен 2014 жыл біздің елдің сыртқы саясаты үшін табысты жыл болды. Жалпы, Қазақстанда және шет елдерде жоғары деңгейде **59 іс-шара** және **70 екіжақты сапар** өткізілді. **73 халықаралық шарт** (22- мемлекетаралық, 40-үкіметаралық, 11- ведомстворалық) жасасылды.

Өткен жылғы 19 мамырда Астанада Қазақстан, Беларусь және Ресей Президенттерінің **Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа** қол қоюын тарихи күн деп атауға болады. Бұл шарт 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастады. Бұл маңызды құжат Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде (ММУ) айтқан еуразиялық интеграция туралы идеясының нақты іске асырылуы болып табылады.

Еуразия құрлығы тарихында алғаш рет ерікті, тең құқылы және өзара тиімді негізде қуатты табиғи және ресурстық әлеуеті, жаһандық және өңірлік стратегиялық маңызды көліктік, энергетикалық және технологиялық жүйесі бар экономикалық бірлестік құрылды.

Одақ негізіне егемендікті құрметтеу, экономикалық прагматизм, интеграцияның еріктілігі, барлық шешімдер қабылдау кезінде тең құқылық, дамудың эволюциялығы, басқа елдермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық үшін еуразиялық кеңістіктің ашықтығы қағидаттары қаланды.

ЕАЭО тартымдылығын әлемнің 40-тан астам елінің ЕАЭО-мен еркін сауда аймағын құру туралы шартқа қол қоюы айғақтайды.

Еуразиялық экономикалық интеграцияға арналған бағыт біздің елдің стратегиялық таңдауы болып табылатынын айрықша атап өтемін. Жаһандық турбуленттік жағдайларда экономикалық интеграция объективті үрдіс және заңды құбылыс болып табылады. Бірде-бір ел экономиканы интеграциялаусыз дами алмайды. Ал біздің экономика жаңа нарықтарды, сауда мен инвестициялар үшін кедергілерді жоюды қажет етеді.

Қазір Одақта ұйымдастыру кезеңі басталуда, нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру және уағдаластықтарды іс жүзінде іске асыру жұмыстары жүргізілуде.

Бірақ, бұл біздің осы жоба шеңберінде ғана шектеледі дегенді білдірмейді. Біз әртүрлі бағыттар бойынша жұмыс істейміз, өткен жылы **Еуропалық одақпен Кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы жаңа келісім және Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі туралы келіссөздердің** табысты аяқталуы осының айғағы болып табылады. Осы

жылы ЕО-мен жаңа Келісімге қол қоюға үміт артамыз. Бұл келісім қазақстандықтар үшін визалық режимді жеңілдетуді қоса алғанда, 29 салада ынтымақтастықты нығайту болып табылады.

Осылайша, ЕО біздің қарым-қатынастардың маңыздылығын растады, ал біз отандық дипломатияның кезекті жетістігін атап өтеміз. Бұл ретте, Брюссельде өткен келіссөздер қорытындысы бойынша Еурокомиссияның бұрынғы президенті Ж.М. Баррозу «бұл құжатқа қол қою халықаралық қарым-қатынастардың нөлдік нәтижесі бар ойын болып табылмайтынын айғақтайды, егер **ЕО Кеден одағының мүшелерімен, егер олардың тарапынан тілек болса келісім жасасуға дайын**» деп атап өтті.

Сонымен қатар, өздеріңізге белгілі болғандай, өткен жылы біз қолайлы жағдайлар жасау және тағы да үлкен инвестициялар тарту үшін Қазақстанның негізгі инвесторлары болып табылатын 10 елге визасыз режим жөніндегі пилоттық жобаны іске қостық.

Бірқатар ірі испандық, норвегиялық, итальяндық, корейлік, жапондық және басқа да шетелдік компаниялар Астанада нәтижелі келіссөздер өткізді. Оларға бизнес әріптестер іздестіруде, бірлескен инвестициялық жобаларды ілгерілетуде қажетті жәрдем көрсетілді.

Энергетикалық салада айтулы жетістік ретінде **Қазақстанның шет елдік жоғары деңгейдегі өкілдердің қатысуымен болған Энергетикалық хартия конференциясының 25-сессиясына (26-27 қараша, Астана)табысты төрағалық етуін** атап өтуге болады.

Біз «жасыл» экономикаға көшу жұмыстарын жалғастырамыз. Бұл тұрғыда «ЭСКПО-2017» халықаралық көрмесін дайындау маңызды болып табылады. Бұл Қазақстанға жаңартылатын энергия көздері, балама энергетика мен энергияны тиімді пайдалану саласындағы озық технологиялары бар компаниялардың келуіне жәрдемдеседі.

Құқықтық негіз қаланды, Көрмеге дайындық жөніндегі тіркеу дерекнамасы қорғалды, олардың қорытындысы бойынша көрме ресми танылды және Қазақстанға Халықаралық көрмелер бюросының туы тапсырылды. «ЭСКПО-2017» халықаралық қатысушыларының алғашқы жиналысы және «Болашақ энергиясы» алғашқы халықаралық форумы өткізілді.

ЭСКПО-2017 шет елдердің ғылыми және технологиялық әлеуетін тарту жөнінде белсенді жұмыстар жүргізілуде. Осы жұмыстардың шеңберінде әлемнің ғылыми топтарымен және инновациялық орталықтарымен (АҚШ, Үндістан, Ресей және басқа елдердің селикон алқаптары) ынтымақтастық орнатылды.

ЭЫДҰ 2015-2016 жылдарға арналған Ынтымақтастықтың елдік бағдарламасын алуға ұсынылған Қазақстанның кандидатурасына ЭЫДҰ Кеңесінің мақұлдауын алуды жетістік деп айтуға болады. ЭЫДҰ Қазақстанмен ынтымақтастыққа айрықша назар аударады, ұйымның кең құралдары іске қосылып, айтарлықтай ресурстар бөлініп отыр.

ХҚДБ, ХВҚ, ЕҚДБ және АДБ-мен жұмыстар жалғасуда, негізгі салаларға ауқымды бірлескен инвестицияларды бекітетін жаңа әріптестік туралы негіздемелік келісімге қол қойылды.

Астана экономикалық форумының қорытындысы бойынша **Әлемдік дағдарысқа қарсы жоспар тұжырымдамасы** қабылданды, ол G 20 елдері басшыларының, халықаралық және өңірлік бірлестіктердің назарына ұсынылды.

Жалпы, Украина дағдарысы нәтижесінде бұрын болмаған санкциялық қарсы тұрулар, энергия ресурстарына деген бағаның төмендеуі қалыптасқан экономикалық қарым-қатынастар мен әлемсіпатын үлкен түзетулер мен өзгерістерге соқтырады.

Барлық осысын-қатерлер әлемдік қоғамдастықтың интеграцияланған бөлігі ретінде Қазақстанға ықпал етпей қоймайды. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Президентінің «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауы халықаралық қатынастар жүйесінде болып жатқан өзгерістерге прагматикалық және алдын алатын жауап болды. Ол ұлттық экономиканы, жаһандық экономикалық құлдырау заманындағы ел азаматтарын қолдаудың кешенді бағдарламасы.

Бұл тұрғыда біз үшін ҮИИДМБ-2, «Нұрлы Жол» сияқты және осы саладағы халықаралық жобалармен басқа да бағдарламаларды (Жібек Жолының экономикалық белдеуі (ҚХР), Жаңа Жібек жолы (АҚШ), ЕО-ның ОА мен басқаларға арналған Жаңа стратегиясы) үйлестіре отырып, байланыстырушы көпірлер ретінде салу саясатын жалғастыру болып табылады.

Құрметті депутаттар!

Өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту – Қазақстанның сыртқы саясатын қалыптастыруда маңызды орынға ие.

Біз соғыс пен бейбітшілік, орнықты даму мәселелерін шешуге бағытталған әмбебап ұйым ретіндегі БҰҰ-ны жан-жақты нығайтуға атсалыстық және атсалысу үстіндеміз. Біздің қызметіміздің басты бағыты 2017-2018 жылдардағы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне ҚР-дың кандидатурасын ілгерілету болып табылады. Қазақстанның БҰҰ бас органына сайлануы терроризм мен нашақорлыққа қарсы күрес, энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігі, су-ресурстық мәселелер, қару-жарақты таратпау сияқты және тағы басқа да өңірлік проблемаларға халықаралық қоғамдастықтың назарынаударуға мүмкіндік туғызады.

Науқан шеңберінде бірнеше көпжақты халықаралық іс-шаралар, соның ішінде теңізге шыға алмайтын елдердің кездесуі (14-16 шілде, Алматы қ.) және «Шағын аралды және дамушы елдер үшін болашақ энергия» тақырыбында шағын аралдардағы дамушы елдерге арналған БҰҰ-ның 3-конференциясы (1-4 қыркүйек, Самоа) алаңдарында ілеспе іс-шара өткізілді. Қазақстан БҰҰ АзТМЭӘК-пен тиісті қаражаттарды бөлу туралы келісім

жасасып, Азия-Тынық мұхиты өңірінің 10 мемлекетінде баламалы энергетиканы дамытуды қолдады.

Бұл іс-шараларды табысты өткізуге біздің құрметті парламентшілеріміз үлкен қолдау көрсетті. Сол себепті, Сыртқы істер министрлігі атынан БҰҰ ҚК сайлау науқанын сәтті іске асыру бойынша іс-қимылдарға белсенді қатысып, қолдау жасаған депутаттарға **алғысымды** білдіргім келеді. Бұған қоса, БҰҰ ҚК тұрақты емес мүшелігіне ҚР-дың кандидатурасын ілгерілету бойынша ҚР Президентінің Арнайы уәкілдері ретінде ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Қ.Жақыповтың Мажарстанға (2014 жылғы 19-21 қазан) және ҚР Парламенті Мәжілісі Төрағасының орынбасары Д.Назарбаеваның Германия мен Лихтенштейнге (ү.ж. 27-30 қаңтар) жасаған сапарларын ерекше атап өткім келеді.

Өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тақырыбының жалғасы болып табылатын 2014 жылғы мамырда Шанхайда өткен **АӨСШК-тің IV саммитін** атап көрсету қажет. Ол сенім шаралары негізінде қауіпсіздікті нығайту мәселелері жөніндегі көпжақты азиялық алаң ретіндегі Форум болып, 20 жылдық тарихтағы «бетбұрыс» кезеңіне айналды. Форум қатарына толық құқықты мүше ретінде Қатар мен Бангладеш кірді, сондай-ақ ШЫҰ мен АӨСШК арасында Өзара түсіністік меморандумына қол қойылып, АӨСШК рәсімдерінің жаңа қағидалары бекітілді.

Осы Саммитте төрағалықтың Түркиядан Қытайға берілуі оның маңызды оқиғасына айналды. Бүгінгі күні біз әріптестерімізбен АӨСШК негізінде **Азия қауіпсіздік және даму жөніндегі ұйымды (АҚДҰ)** құру бойынша консультациялар өткізуді жалғастырып отырмыз.

Қазақстан ҰҚШҰ, Түркі Кеңесі желісі бойынша көпжақты ынтымақтастық шеңберінде де елеулі нәтижелерге қол жеткізді.

Өткен жылы Гаагада өткен **Ядролық қауіпсіздік жөніндегі саммит** осы саладағы Қазақстанның жаһандық көшбасшылығын тағы бір рет растады.

Осы салада орын алған үлкен жетістіктер ретінде Нью-Йоркте «ядролық бестік» өкілдерінің - Ұлыбритания, Қытай, Ресей, АҚШ және Франция - **Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру туралы шарттың (ОАЯҚТШ)** Хаттамасына қол қоюын айта аламыз. Осы арқылы аталған аймақтың заң жүзінде құрылуына жаңа маңызды қадам жасалды, ал мойындалған бес ядролық держава Шарттың қатысушылары болып табылатын бес елге қарсы ядролық қаруды қолданбауға кепілдік берді.

Бұл оқиға көпжақты дипломатияның ядролық қарусыздану және таратпау саласындағы айтарлықтай жетістігі болып табылады, сондай-ақ, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуда шын мәнінде зор маңызға ие.

Біз Иранның ядролық бағдарламасы жөніндегі дипломатиялық келіссөздер осы жылы тұтастай қамтитын жетістіктермен және барлық тараптың көңілінен шығатын шешіммен аяқталады деп үміт артамыз. Өз тарапымызданосы мәселені тез арада шешу үшін келіссөздер алаңын қамтамасыз етуге әзірміз.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының маңызды бастамаларын - **G-Global, АТОМ Жобасын** ілгерілету жөніндегі жұмыс та жалғасты. Бір жыл ішінде тиісті күш-жігеріміз дағдарысқа қарсы шараларды әзірлеу бойынша бірыңғай күш-жігерлер идеяларын қолдайтын ауқымды халықаралық қоғамдастықты құруға, Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шартты (ЯСЖТШ) жедел ратификациялау қажеттігіне бағытталды.

Миланда болған **«Азия-Еуропа» (АСЕМ) Форумының Саммитіне** қатысу біздің ел үшін маңызды оқиғаға айналды. Саммит шеңберінде Қазақстан Форумның ресми мүшесі болды. Өзінің географиялық қамтуына қарай, жұмыс бағыттары, сондай-ақ өлшемі мен жоғары деңгейі бойынша АСЕМ-нің қатысуы бірегей құрлықаралық көпжақты алаң болып табылады. Ол маңыздылығы жағынан Еуропадағы ЕҚЫҰ және Азиядағы АӨСШК-пен бірдей. Осыған байланысты, біз Қазақстан мен барлық форум қатысушыларының игілігіне бұл форумның айтарлықтай әлеуетін іске асыру үшін бар күш-жігерімізді салатын боламыз.

Біз ИБҰ мен тұтастай алғандағы мұсылман әлемі шеңберінде маңызды рөл атқаруға бағытталған, штаб-пәтері Астанада орналасқан Азық түлік жөніндегі ислам ұйымын дамыту мәселесін де белсенді түрде ілгерілетіп отырмыз.

2014 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан Президентінің **«Дамуға ресми көмек туралы»** Қазақстан Республикасының Заңына қол қоюы үлкен оқиға болды. Ол мемлекет реномесін «көмек алушы» емес, керісінше «донор» ел ретінде растап, өңірлік көшбасшы ретіндегі Қазақстанның рөлін бекітті. Қабылданған заңдар ТМД кеңістігінде алғашқы болып табылады. «БҰҰДБ» басшылығыны пікірі бойынша мазмұны бойынша заңдар жаңа донор - елдер ішінде ең жақсысы болып саналады. Осыған орай, осы заң жобаларын келісуге және қабылдауға жәрдемдескен, сондай-ақ біздің мүдделерімізді көршілес елдерде ілгерілету тұрғысында ДРК-ны дамытудың басымдығын түсінген үшін депутаттарға ілтипатымды білдіргім келеді.

Дәл осы тұрғыда біздің өңіріміздің проблемалық мәселелерін шешуге, **ЕЫҚҰ**-мен прагматикалық ынтымақтасуға жәрдем көрсету мақсатында Алматы қаласында **БҰҰ өңірлік хабын** құру жөніндегі жұмысты жалғастырып отырмыз.

Мемлекет басшысы сыртқы саясаттың стратегиялық бағыты ретінде **Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындауды** атап көрсетті. Халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларына негізделген Каспий жағалау мемлекеттері арасындағы тұрақты және достық қарым-қатынастар Каспий өңіріндегі саяси және экономикалық қауіпсіздікті нығайтуға өз үлесін қосатын болады.

2014 жылғы 29 қыркүйекте Астраханда өткен төртінші Каспий саммитінің қорытындылары Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындауға қатысты барлық мәселелерді тез арада реттеуге деген жағалау мемлекеттері көшбасшыларының ортақ мүддесін көрсетті.

Қол жеткізілген уағдаластықтар мен қол қойылған «каспий бестігі» Президенттері Мәлімдемелерінің негізіне Каспий мәртебесі бойынша тараптардың бұрыннан қолданылып келе жатқан диамертальдік қарама-қарсы тәсілдемелері арасындағы Қазақстан Республикасының бастапқы ымыралы ұстанымы жатады.

Нәтижесінде, саммиттің қорытынды құжаттарында жағалау мемлекеттерінің қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, теңіздегі әскери құрылыс және әскери қызмет, Каспийдің айдындарын, түбін және қойнауларын, кеме қатынасының режимін ажырату, Әлем мұхитына еркін қол жеткізу құқығы, табиғи ортаны қорғау мен теңізде теңіз ғылыми зерттеулер жүргізу мәселелері бойынша өзара іс-қимылының негізгі аспектілері көрсетілген.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын халықаралық-құқықтық ресімдеу жұмысы жалғасуда.

Құрметті депутаттар!

Жақында орын алған Париждегі қайғылы оқиғалар, Пәкістандағы, Ирактағы терактілер, «Ислам мемлекеті» деп аталатын қылмыстық қызмет әлемнің барлық мемлекеттері үшін ортақ қатерге айналған радикалдық халықаралық терроризмнің жаппай жүгенсіздігін айқын көрсетті. Қазақстан әлемдік қоғамдастықпен бірлесе отырып, бұл жауыздыққа қарсы қатаң шаралар қолдануды қолдайды.

Сонымен бірге, Франциядағы трагедия Еуропалық қоғамда проблемалардың бар екендігін жоққа шығармайды. Осы оқиғалар артынан жалғасқан бүкіл әлемдегі (араб, еуропалық елдерде, Грозный қаласында) мұсылмандардың қарсылық марштары, ұқсас басылымдар қызметін айыптауды қолдаған, дінге сенушілердің сезімдерін қозғайтын Еуропаның бірқатар елдері (Германия және т.б.) қоғамында болған бөліну әртүрлі конфессиялар арасындағы өзара қарым-қатынастардың әлсіздігін, ЕО елдерінде көші-қон, әлеуметтік саясат саласында жедел заң шығару реформаларын жүргізу қажеттігін көрсетті.

Әлемде күшейіп бара жатқан жеккөрушілікке жол беретін тәжірибе мен ксенофобия көпконфессиялы қоғамдардың бөлінуіне, өркениеттер қақтығысына, Батыс пен Шығыстың жалпы түсініспеушілігі мен сенбеушілігінің өсуіне әкеп соқтырады.

Дәл осы тұрғыда Қазақстанның ү.ж. маусымда Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін шақыру бастамасы тым жоғары қажеттілік пен өзекті сипатқа ие. Біз Съезді жоғары мазмұнды және ұйымдастырушылық деңгейде өткізуге баса назараударамыз.

Мәлім болғандай, 2013 жылы СІМ платформасында Қазақстанның азаматтық секторы өкілдерінің бастамасымен «Адами өлшем жөніндегі диалогтік алаң» консультативтік-кеңесші орган (ККО) құрылды. ККО шеңберінде адам құқықтары мен демократия саласында ұлттық ҰЕҰ-мен жүйелі әрі жан-жақты жұмыс жүргізілуде. Платформа форматы БҰҰ, ЕЫҚҰ

және ЕО-ның қатысуымен ұлттық үкіметтік емес сектор басшыларының ҚР Үкіметінің және Парламентінің өкілдерімен тікелей диалог орнатуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның барлық бұл күш-жігері бүкіл тараптар арасында диалог пен сенім тәртібін нығайту қажет деген біздің сенімділігімізді тудыруда, оны ілгерілету **қазақстандық сыртқы саясаттың басты элементтерінің бірі болып табылады.**

Ханымдар мен мырзалар,

Орталық Азиядағы біздің көршілерімізбен екіжақты қарым-қатынастарда 2014 жылғы мемлекет басшыларының кездесулері мен өзара сапарлары айтулы оқиға болды, онда екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі нығайту мен өңірде интеграциялық үдерістерді дамытудың нақты қадамдары талқыланды.

Бұл жерде **Қырғызстан Президенті А.Атамбаевтың** Қазақстанға екі сапарын, біздің Мемлекет басшысының ШЫҰ Саммитіне қатысуы үшін Душанбеге сапарын және **Тәжікстан президенті Э.Рахмонмен** екіжақты келіссөзін, **Түрікменстанға сапары**, оның барысында жалпы интеграциялық үдерісті және өңірлік сауданы дамытуға мүмкіндік тудыратын **Қазақстан-Түрікменстан-Иран халықаралық темір жолы** іске қосылуын, сондай-ақ **Өзбекстан Президенті И.Каримовтің** Астанаға сапарын айтуға болады.

Қазақстан Ресей Федерациясымен ХХІ ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шарт негізінде стратегиялық әріптестікті нығайтуды жалғастыруда. Өткен жылы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Ресей Президенті В.Путинмен 10 кездесуі болды, оның бірі Шекаралық өңірлердің Өңірлік Форумы аясында Атырауда өтті.

Қазақстан Президентінің **Қытай Халық Республикасына** мемлекеттік сапары екіжақты қарым-қатынаста нәтижелі болды. Сапардың қорытындысы бойынша әртүрлі саладағы 16 келісімге қол қойылды. Біздің елдің экономикасы үшін, сондай-ақ, Қытай Мемкеңесінің Премьері Ли Кэцянның Астанаға жасаған сапарының қорытындысы маңызды болды.

Гаагадағы Ядролық қауіпсіздік бойынша өткізілген Саммит аясында Мемлекет басшысының Президент **Б.Обамамен** келіссөзі **Америка Құрама Штаттарымен** екіжақты қарым-қатынастың дамуына маңызды серпін берді. Вашингтонға менің желтоқсандағы сапарым барысында жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыруды біз одан әрі ілгері жылжыттық. Екіжақты қарым-қатынасты дамыту, Украина дағдарысын реттеу тұрғысында екі мемлекет басшысының жүйелі түрде телефонмен сөйлесуі ерекше маңызға ие.

Біз **Еуропалық Одақ** елдерімен жан-жақты ынтымақтастықты нығайтуда өз бағытымызды жалғастыра береміз. Францияның Президенті Ф.Олландтың, Чехия Президенті М.Земанның, Швейцарияның Президенті

Д.Буркхальтердің, Италияның Премьер-министрі М.Ренцидің Қазақстанға жасаған сапарын ерекше атап өтуге болады, оның барысында маңызды экономикалық келісімдер жасасылып және уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Белорусь және Украинамен, сондай-ақ біздің еліміздің саяси, экономикалық жүйесінде және транзиттік-көліктік мүддесінде маңызды орын алатын **Әзербайжан, Армения және Грузиямен** дәстүрлі өзара пайдалы ынтымақтастық жалғасуда.

2015 жылы Қазақстанда **Түркияның** Президенті Т.Р.Эрдоғанды қабылдаймыз.

Қазақстанның сыртқы саясатында **азиялық бағытты** нығайту тұрғысында **Корея Республикасының Президенті Пак Кын Хе**нің және **Малайзияның Премьер-министрі Н.Разактың** Қазақстанға сапары болып өтті, оның барысында ынтымақтасудың перспективалық бағыттары және нақты жобалар талданды, маңызды инвестициялық келісімшарттарға және әртүрлі саладағы бірқатар құжаттарға қол қойылды.

2014 жылғы қыркүйекте өткен Иран Президенті Х. Руханидің Қазақстанға алғашқы сапары Астана мен Тегеранның жан-жақты саяси және экономикалық әріптестікті тереңдетуге өзара бейілділіктерін растады, халықаралық және өңірлік күн тәртібінің ең өзекті мәселелері бойынша ұстанымдарының ортақ екендігін көрсетті. Аталған тұрғыда, мен атап өткендей, 3 желтоқсанда Қазақстан-Түрікменстан-Иран темір жол магистралінің ашылуы айтулы оқиға болды. Бұл қазақстандық өнімнің оңтүстік бағыттағы экспорттық ағынын әртараптандыруға және ұлғайтуға бағыттталып, қазіргі заманғы кезеңде қалпына келтіріліп жатқан Ұлы Жібек жолының негізгі компонентіне айналды.

Қазақстан гуманитарлық-экономикалық көмек және сауда-экономикалық саладағы өзара іс-қимыл мәселелеріне айрықша назар аударып, **Ауғанстанға** қатысты сараланған саясат жүргізуде. Өткен жылы ауғандық жастар арасынан қазақстандық жоғары оқу орындарын бітірген түлектер Ауғанстанның әртүрлі мекемелерінде жұмыс істей бастады. Қазақстанның араб елдерімен жақын тарихи және рухани байланыстары бар, бұл өзара ынтымақтастықтың әріптестік сипатын алдын ала айқындайды.

Осылайша, өзара тиімді қарым-қатынастарды жандандыру мақсатында **Қатар Мемлекетінің Әмірі Тамим бен Хмад Әл Тани мен Бахрейн королі шейх Хамад бен Исы Әл Халифтің** Қазақстанға сапары табысты өтті.

Жалпы, **Азия-Тынық мұхиты бағыты және Таяу Шығыс елдерімен ынтымақтастық** озық технологиялар трансферті, ірі ауқымды инвестициялар тұрғысында және қазақстандық өнімдерді өткізу нарығы ретінде зор мәнге ие. **Латын Америкасы мен Кариб Бассейні** елдерімен біздің қарым-қатынастар дәйекті дамуда. Бүгінгі таңда Қазақстан өңірдің 33 елінің 32-імен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатты.

Соңғы екі жылда біздің елдің **Бразилия және Мексикадағы** елшіліктерінің ресми ашылуы өтті. Қазақстанға Аргентина, Эквадор, Венесуэла Сыртқы істер министрлері келді.

Қазақстан **Африка құрлығының** елдерімен қарым-қатынастар географиясын кеңейтуге баса назар аударады. Қазір Африка құрлығында Қазақстанның үш елшілігі бар, атап айтқанда Мысырда, Оңтүстік Африка Республикасында және өткен жылғы желтоқсанда жұмыс істей бастаған **Эфиопияда**.

Құрметті депутаттар!

СІМ жұмысының маңызды бағыттарының бірі шетелдердегі Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларын, олардың жеке, отбасылық және іскерлік мүдделерін қорғау болып табылады. Жаңартылған Тұжырымдамада бұл маңызды орын алған.

- Шетелдердегі Қазақстан азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау.

2014 жылы біздің азаматтарымызды консулдық қорғаумен қамту географиясын кеңейту жөніндегі қызметі жандандырылды. Мемлекет басшысы бекіткен «2012-2014 жылдарға арналған ҚР шет елдердегі мекемелерін ашу және қайта құрудың перспективалық жоспарына» сәйкес, өткен жылы Мехико (Мексика), Аддис-Абеба (Эфиопия), Әл-Кувейт (Кувейт), Сидней (Аустралия) қалаларында елшіліктер және Түрікменбашы (Түрікменстан) қаласында консулдық ашылды. Осылайша, қазіргі уақытта қазақстандықтарға әлемнің 64 елінде 92 дипломатиялық және консулдық мекемелер қажетті жәрдем көрсетеді.

Сонымен қатар, шетелдерде ҚР-дің 70 құрметті консулы өз қызметтерін жүзеге асыруда.

Қазақстандықтарды «электронды үкімет» порталы арқылы онлайн-режимінде консулдық есепке тұрғызу рәсімдерін оңтайландыру жөніндегі жұмыстар жалғастырылуда. Шетелдерге уақытша немесе тұрақты келген біздің азаматтарымызды консулдық есепке тұрғызу және тиісті анықтама беру үшін консулдық алым төлеуден босатуға қатысты ҚР Салық заңнамасына өзгерістер енгізілді.

Криминалдық құрылымдар тарапынан құқыққа қайшы әрекеттердің құрбаны болған, сондай-ақ шет елдерде форс-мажорлық ахуалда қалған адамдарға айырықша көңіл бөлінді. Соның ішінде, 2014 жылдың маусым айында «Гүлнұр-Тур» турагенттігінің банкротқа ұшырауына байланысты 1800-ден астам қазақстандық туристердің Түркиядан қайтуына жәрдем көрсетілді. ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, денсаулықтарының нашарлауына байланысты, азаматтар: М.Шаяхметовті Сингапурдан (26 ақпан), Д.Құнанбаевты Дубай қаласынан (8 маусым), Е.Ремизовті АҚШ-тан (11 желтоқсан) отанына жеткізуге жәрдем көрсетілді.

2014 жылы 46 ҚР азаматына, соның ішінде: **Мысырдан 26** адамды эвакуациялауға (Газа секторындағы жанжалдың ушығуына байланысты), **Армениядан, Үндістаннан, ҚХР-дан, Кореядан, Сириядан, АҚШ-тан және Ресейден 15** ҚР азаматты қайтаруға, сондай-ақ елімізден сырт жерде қайтыс болған 5 ҚР азаматының денесін отанына жеткізуге қаржылай көмек көрсетілді.

Халықаралық бала асырап алу -басым бағыт болып қала бермек. ҚР тәуелсіздігі жылдары Қазақстанның 8 мыңнан астам балаларын шетелдіктер асырап алды. Асырап алған балаларға бақылауды қамтамасыз ету және қабылдаған отбасылардағы олардың өмір сүру жағдайлары туралы мамандандырылған агенттіктердің есеп беруі жөніндегі шаралар жандандырылды. АҚШ-тағы ұқсас жағдай бойынша, **Бельгиядағы, Испаниядағы және Франциядағы** контррәсіптестермен Гаага конвенциясы шеңберінде әрбір балалар құқығын бұзу жағдайына байланысты **жедел ақпарат алмасу және құқықтық көмек көрсету** жөніндегі жұмыс топтарын құру туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді. Бұл тәжірибе Қазақстан балалары берілген басқа елдерге де таратылатын болады.

Сондай-ақ, дамудың қазіргі заманғы кезеңінде елдегі көші-қон және демографиялық ахуалға тікелей әсер ететін факторлардың бірі ретінде шетелдік бала асырап алу мәселесіне көзқарасты түбегейлі өзгерту қажеттігі туындап отыр деп есептейміз. Жетім балаларды ҚР азаматтарының ішкі асырап алуына беруге арналған рәсімдерді барынша жеңілдету жөніндегі шараларды қайта қарау орынды болар еді деп білеміз.

Жоғарыда аталған шаралар Қазақстан азаматтарының әлемнің көптеген елдерінің аумақтарына шығу рәсімдерін елеулі жеңілдетуге, келешекте визасыз режим қолданылатын елдер тізімін кеңейтуге мүмкіндік береді, сондай-ақ, шет елдерде ҚР азаматтарының құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғау үшін жана жағдай тудырады (*депутаттардың тиісті сауалдары болған жағдайда, ҚР азаматтарының қатысуымен резонансты істер бойынша ақпараттар1- қосымшада*).

- **Визалық режиді жеңілдету.**

Бүгінгі таңда Қазақстан визадан босату туралы **дипломатиялық паспорттардың иелері үшін 61** ел және халықаралық ұйымдармен, **қызметтік паспорттардың иелері үшін 40** елмен, **ұлттық паспорттары барлар үшін 18** елмен келісімге қол қойды. 2014 жылы **Аргентинамен**(30 мамыр) және **Корея Республикасымен** (19 маусым) паспорттың барлық түрлері бойынша, сондай-ақ дипломатиялық және қызметтік паспорттар бойынша Мексикамен (18 қыркүйек) визаны жою туралы келісімдерге қол қойылды. Еуропаның және Азияның бірқатар елдерімен осындай шарттарды жасасу туралы мәселені пысықтау жалғасуда (*Багамамен, |Бенилюкспен, Испаниямен, Қатармен, Кувейтпен, Лаоспен, Малайзиямен, Мальдивамен, Мальтамен, Мароккомен, Оманмен, Сингапурмен, Тайландпен, Шри-Ланкамен, ОАР-мен және Жапониямен*).

Жаңа бағыт ретінде Латын Америкасы өңірі мен Кариб бассейні айырықша мүдделілік тудырады, мұнда *Бразилиямен, Венесуэламен, Парагваймен, Колумбиямен, Кубамен, Чилимен және Эквадормен* визасыз келісім пысықталуда.

Азаматтардың өзара сапарлары жағдайларын жеңілдету бойынша Еуроодақпен келіссөздер жандандырылуда. Бұл мәселе «ҚР және ЕО арасындағы кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімнің шеңберінде ілгерілетілуде».

АҚШ- пен консулдық алымдарды бірдейлендіру және 5 жылға дейінгі мерзімге тепе-теңдік негізде визалар беру туралы уағдаластықты іске асыру жалғасуда. Осы келісімнің арқасында екі елдің азаматтарының алты санаттағы («дипломатиялық», «қызметтік», «іскерлік» «туристік», «оқуға арналған» және «жеке») көпмәртелік визаларды алу тәртібі елеулі жеңілдетілді. Қазіргі уақытта көпмәртелік кіру визаларын бес жылға дейінгі мерзімге ресімдеу тәртібін жеңілдету туралы келісім жобасын **Оңтүстік Кореямен** келісу жүргізілуде.

Құрметті депутаттар!

СІМ өз қызметінде жұртшылықпен де, қазақстандық және шетелдік БАҚ-тармен де ашықтық және ықыластылықтың негізгі қағидаттарын ұстанады.

Біз өзіміздің қарым-қатынасымызда интерактивтілікке үлкен көңіл бөлеміз, соның ішінде өткен жылы жаңартылған веб-сайт мүмкіндіктерінің және әлеуметтік желілердегі біздің аккаунттарымыздың арқасында қол жеткіземіз. Мұндай жұмыстар айтарлықтай нәтиже беріп отырғанын атап айтқым келеді. Фейсбуктегі және Твиттердегі біздің жазылушылардың саны бір жыл ішінде **екі жарым есеге жуық артты**.

СІМ әлемдік қоғамдастықты біздің еліміздегі жетістіктер туралы ғана емес, сонымен бірге Қазақстанмен өзара тиімді ынтымақтастық мүмкіндіктері туралы да ақпараттандыруды арттыра түсу жөнінде жүйелі жұмыстар жүргізуде. Бұл жұмыс Орталық аппараттың ғана емес, еліміздің шетелдердегі мекемелерінде де аса маңызды басымдықтар қатарына енеді.

Өткен жылы ҚР шет елдердегі мекемелері **80 брифинг, 30 баспасөз мәслихаттарын, 50 «дөңгелек үстел», 15 әртүрлі конференция, 8 бизнес-форум, 50 семинарлар мен таныстырулар және 30-дан астам фотокөрмелерін өткізді**.

Әзербайжан, ағылшын, армиян, мажар, грек, грузин, итальян, испан, литва, қытай, неміс және хорват тілдерінде **19 кітап** шығарылды. 12 деректі фильмдер түсіріліп, олар Еуропа, Азия, ТМД, АҚШ және Канада елдерінің жетекші телеарналары арқылы көрсетілді. Әл-Арабия телеарнасы біздің көмегімізбен ҚР-дың инвестициялық және туристік әлеуеті туралы репортаждар топтамасын шығаруды ұйымдастырды.

Инвестициялар және даму министрлігімен, «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры, «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясымен СІМ үйлестіре жүргізген осы және басқа да жұмыстардың қорытындысы бойынша шетелдік БАҚ-тардағы Қазақстан туралы жарияланымдардың саны айтарлықтай өсті, шетелдік әріптестердің біздің еліміз туралы хабардарлығы артты, инвестициялар және біздің елімізге келетін туристер саны молая түсті.

Осылайша, біздер ақпараттық-коммуникациялар саласындағы соңғы атқарылған жұмыс көлемін пайдалана отырып, қоғаммен кері байланысты барынша арттыруға тырысамыз. Бұған қол жеткіземіз деген сенімдеміз.

Ханымдар мен мырзалар!

Аталған міндеттерді іске асыруда біз депутаттық корпус өкілдерінен үлкен қолдау көріп отырмыз. Мен жаңа айтып өткенімдей, біз Қазақстанның шетелдік әріптестермен екіжақты және көпжақты ынтымақтастығы сияқты көптеген маңызды мәселелерде біз Парламент депутаттарымен өзара тығыз іс-қимыл жасаймыз.

СІМ-нің ҚР Парламентімен осындай тиімді бірлескен қызметі, соның ішінде, 2013 жылғы 7 ақпанда Парламент Палаталарының және СІМ басшылығы бекіткен «2013-2015 жылдарға арналған ҚР парламенттік дипломатиясын дамыту жол картасына» сәйкес жүзеге асырылуда.

Сенаттың және Мәжілістің депутаттары ЕҚЫҰ, ТүркПА, Ислам Ынтымақтастық Ұйымы Парламенттік одағы, ТМД Парламентаралық ассамблеясы сияқты халықаралық ұйымдардың және интеграциялық бірлестіктердің парламенттік ассамблеяларының жұмысына белсене қатысады. Еуропалық Парламентпен, Еуропалық Кеңес парламенттік ассамблеяларымен және НАТО-мен тиімді ынтымақтастық жолға қойылған. Сондай-ақ, депутаттардың сайлауды байқау жөніндегі миссияларға қатысуы да парламенттік дипломатияның маңызды бағыты болып табылады. Достық топтары және бірлескен комитеттер форматындағы дәстүрлі екіжақты парламенттік байланыстар ойдағыдай дамуда.

Парламенттік дипломатияның әлеуеті Қазақстанның халықаралық аренадағы стратегиялық басымдықтарын іске асыруда кеңінен пайдаланылуда.

Азиялық бағыттағы қазақстандық қатысу мен мүдделердің кеңеюіне байланысты Азиялық парламенттік ассамблеямен, Түркітілдес елдердің парламенттік ассамблеясымен және Ислам ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің парламенттік одағымен ынтымақтастықты жаңадандыру да маңызды. Таяу және Орта шығыс елдерінің, Азия елдерінің парламенттерімен байланыс жөніндегі депутаттық топтар қызметің күшейту өзекті деп білеміз. Азия-Тынық мұхиты парламенттік форумымен байланысты жолға қою мақсатқа сай болмақ.

Біздің көзқарасымыз бойынша, саяси партиялар жүйесі бойынша ынтымақтастықты белсенді түрде пайдалану және парламентшілердің жеке

байланыстарын, соның ішінде неғұрлым өзекті де нәзік мәселелер бойынша жедел және бейресми пікір алмасулар мақсатындағы байланыстарды кеңейту қажет.

Ұлттық мүдделерді ілгерлету, екіжақты және халықаралық мәселелер бойынша ресми ұстанымдарды жеткізу, парламентаралық байланыстар ресурстарын тарта отырып, Қазақстанның мүдделерін қозғайтын құжаттардың мазмұнына ықпал ету мәселелеріндегі депутаттық корпусның белсенділігі мен түсіністік танытуын атап өткім келеді.

Сондықтан, осындай өзара іс-қимылдың тиімділігін ескере отырып, Қазақстан депутаттарының Мемлекет басшысының бастамаларын, бірінші кезекте, ядролық қаруды таратпау, экология, экономикалық даму, ұлтаралық және конфессияаралық татулық салаларындағы бастамаларын ілгерлету мақсатында Қазақстан депутаттарының халықаралық форумдарға қатысу тәжірибесін жалғастыруды орынды деп есептейміз.

2015 жыл - біздің сыртқы саясатымыз үшін небір маңызды істерге толы жыл болғалы отыр. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы төрағалық бізге ауыспақ, **алда көптеген халықаралық іс-шаралар және аса жоғары және биік деңгейлердегі өзара сапарлар тұр.** Сондай-ақ алдымызда әлемдік тарих бағытын өзгерткен маңызды тарихи оқиғалардың мерейтойлық даталары келе жатыр.

Бұл – Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 70 жылдығы. Осыған байланысты жоспарланып отырған салтанатты атап өтулер адамзат тарихындағы аса қанды қырғындағы аталарымыз бен әкелеріміздің өшпес ерлігін паш етпек.

Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылғанына 70 жыл толмақ.

Өсіп отырған заманауи қауіп-қатерлер мен сындарды сындарлы түрде шешу үшін Ұйым тиімділігін одан әрі нығайта түсу де - уақыт талабы.

ЕҚЫҰ-ны құруға негіз болған Хельсинки қорытынды актісіне қол қойылғанына – 40 жыл.

Жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясының қабылданғанына – 25 жыл.

Біз сондай-ақ, Қазақстанның мынадай аса маңызды оқиғаларын елімізде және шет елдерде атап өтуге қызу дайындалу үстіндеміз, олар:

Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығын тойлау;

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы;

Қазақстан Халқы Ассамблеясы құрылуының – 20 жылдығы;

Алға қойылған барлық мәселелерді ілгерлетуде Парламент пен СІМ арасындағы белсенді өзара іс-қимыл жалғасын табады деген сенімдемін.

Құрметті депутаттар,

Біздер Қазақстанның құрметті де күшті әлемдік ойыншы ретіндегі ұстанымын нығайту, қазақстандықтардың өмір сапасын одан әрі жақсарту мен қолдау мақсатында еліміздің экономикалық орнықты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі ортақмақсат жолындамыз.

Сондықтан да, біздің алдымызда әлемдік күрделі жағдайлар мен үдерістерге қарамастан еліміздің ұлттық мүдделерін ілгерлету жөнінде асқаралы міндеттер тұр.

Ұлт көшбасшысының басшылығымен Қазақстанның әлемдік қоғамдастық елдерімен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуы мен кеңейте беруі үшін бірлескен күш-жігерімізді арттыра беретінімізге сенімдімін.

Назар салып тыңдағандарыңыз үшін рахмет.